




Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№108
(20581)



20 шілде, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy.kz/

www.instagram.com/syrboiy_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy_kz

ПРЕЗИДЕНТ

МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР МЕШІТІНЕ ЗИЯРАТ ЕТТІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сауд Арабиясы Корольдігіне жұмыс сапары Исламда екінші қасиетті орын саналатын Медина қаласындағы Мұхаммед пайғамбар мешітіне барудан басталды.

Мемлекет басшысы Мұхаммед пайғамбардың қабіріне зиярат етіп, дұға жасады. Қазақстан Президентінің келуіне орай оған ерекше құрмет ретінде Пайғамбар жерленген киелі орынның есігі ашылды.

Кеше Қасым-Жомарт Тоқаев Қос киенің сакшысы – Сауд Ара-

биясының Королі Салман бен Әбделазиз Әл Саудтың шақыруымен Жидда қаласына жұмыс сапарымен барды.

Мемлекет басшысын әуежайда Мекке провинциясы губернаторының орынбасары, ханзада Бадр бен Сұлтан бен Әбделазиз, Жидда провинциясының губер-

наторы Салих бен Әли Ат-Түрки қарсы алды.

Кеше сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия+Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесінің» бірінші саммиті аясында Кувейт Мемлекетінің Тақ мұрагері шейх Мешаль әл-Ахмед әл-Джабер ас-Сабахпен кездесу өткізді.

Кездесу барысында сауда-экономика және инвестиция салаларындағы қазақ-кувейт ынтымақтастығының даму перспективалары талқыланды.

ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXV СЕССИЯСЫ

БІРЛІКТІҢ ТУЫ БИІК

«Достық» үйінде облыс әкімі, облыстық ассамблея төрағасы Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Әділетті Қазақстан – даму мен бірегейліктің негізі» тақырыбында облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының XXV сессиясы өтті. Алқалы жиынға зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, ғалымдар мен сарапшылар, этномәдени бірлестік жетекшілері, белсенді үкіметтік емес ұйымдар мен жастар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және ZOOM байланысы арқылы барлық аудан активі мен аудандық Қазақстан халқы ассамблеясының құрылым мүшелері қатысты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Сессия басталмас бұрын қатысушылар облыстың 85 жылдығына арналған қаланың маңызды нысандары мен көрнекті орындарының фотоқормесін тамашалады. Алқалы жиын модераторы облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов болды. Сессияның күн тәртібінде облыстық ассамблеяның жұмыстары мен алдағы міндеттері талқыланды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ассамблеяның жалпыұлттық тұтастықты нығайтудағы маңызын айтты. Сонымен бірге бірінші жартыжылдықтың қорытындысына, аймақтың негізгі макро-көрсеткіштеріне тоқталды. Мемлекет басшысының туған жерді тәулету бастамасына үн қосқан жергілікті кәсіпкерлер мен меценаттар атқарған жұмыстар туралы да хабардар етті.

Киелі Түркістан төріндегі Ұлттық құрылтайда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біз аз уақытта зор серпіліс жасадық. Бұған ынтымақ-бірліктің және сындарлы қоғамдық диалогтың арқасында қол жеткіздік» деп атап өтті. Отандастарымызды бір мақсат, бір мүддеге ұйыстырудағы бірегей құрылым – Қазақстан халқы ассамблеясы. Осыдан тура бір жыл бұрын өткен облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының XXIV сессиясында берілген бірқатар нақты тапсырмалар жүзеге асырылып, толымды нәтижелерге қол жетті. Қызылордада «Анаға тағзым» орталығының ғимараты



бой көтеріп, «Халық достығы» аллеясы салынды. Сол жағалаудағы «Рухани жаңғыру» орталығы Үкіметтік емес ұйымдар үйі болып ашылды. «Достық үйінің» базасында Қазақстанның саяси реформаларының іске асырылу барысын түсіндіру мақсатында сарапшылар даярлау жөніндегі әдістемелік орталық құрылды. Сарапшы топ мамандары екі әдістемелік құрал әзірледі. Этномедиа-ция бағытын дамытуға арналған жобалар жүзеге асырылып, кәсіби және қоғамдық негіздегі медиаторлар арнайы курстардан өтті. Сыр өңіріндегі аналар кеңесінің «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасы үздік деп танылып, өзге өңірлерге тәжірибе ретінде таратылды, – деді облыс әкімі.

Кейінгі кезде этномәдени бірлестіктердің атаулы мерекелері де назардан тыс қалған емес. Осы уақыт ішінде «Славяне» этномәдени бірлестігінің 25 жылдығы, татар этномәдени бірлестігінің 30 жылдығы, «Алекс» би өнері мектебінің 25 жылдығы, республикалық «Көрнекі» газетінің 100 жылдығы аталып өтті. Облыстық ассамблея жанынан ақсақалдар кеңесі құрылды. «Өз еліңді таны!» жобасы аясында олар тарихи қалалар мен киелі орындарға саяхаттауда.

Мемлекет басшысы елімізде жоғары білім қолжетімділігін арттыруды және 2025 жылға дейін беделді шетел университеттерінің 5 филиалын ашуды тапсырды. Осы орайда облыс әкімі бастаған делегация 22-25 мамыр күндері Корея Республикасының Сеул, Тэджон қалаларына және Чоллабук-до провинциясында іссапарда болып, Сеул қаласында Ұлттық ғылыми-техникалық, Шинхан университеттерінің президенттерімен кездескен болатын. Қызылорда қаласында Корея университеттерінің филиалдарын ашу және жергілікті үздік мектеп тұлғалары үшін арнайы гранттар бөлу жұмыстарының басталғанын да облыс басшысы айтып өтті. Бірнеше айдың ішінде Ресей, Өзбекстан елдерінің Бас Консулдарымен кездесулер өтіп, облыстың сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-рухани, туризм, білім және ғылым салаларында өзара ынтымақтастық орнату жөнінде нақты ұсыныстар талқыланғанын тілге тиек етті. Бұл жұмыстар аймақ экономикасының тұрақты дамуына серпін беріп, өңірдегі қоғамдық келісім мен бірегейліктің нығаюына өз септігін тигізе бермек.

2-бет

БІЛІМ

ТАЛАПҚЕРЛЕР ТАҢДАУЫ ҚАНДАЙ?

Күні кешегі мәлімет бойынша білім грантын тағайындау конкурсына 83 мың өтініш түскен. Мұнда талапкерлердің басым бөлігі республикалық маңызы бар үш қаладағы жоғары оқу орындарына үміт етіп отыр. Айталық, Алматыға 34 мың өтініш түссе, Астанаға 16 мың, Шымкентке 5 мың талапкер оқуға баруды қалайды.

Талапкерлер арасында сұранысқа ие бағыттар қатарында «Педагогикалық ғылымдар» (22 мың), «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» (16 мың) және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (11 мың) болып отыр.

Ал білім беру бағдарламаларының тобында ең көп өтініш «Ақпараттық технологиялар» – 9 мың.

Сонымен қатар «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» мамандығын таңдағандар да аз емес. Бұл санатта 5 мың өтініш

бар. Үшінші орында «Медицина», оны 4 мың талапкер таңдаған.

Жалпы грант конкурсына өтініш қабылдаудың соңғы күні – бүгін, яғни 20 шілде. Құжаттарды қабылдау eGov арқылы онлайн форматта немесе ЖОО-лардың қабылдау комиссиялары арқылы офлайн форматта жүзеге асады. Бұл ретте ЖОО-да виртуалды қабылдау комиссиясы жұмыс істейді. Құжаттарды кез келген ЖОО (орналасқан жері бойынша) арқылы тапсыруға болады.

ӨРКЕН

Қазір Қызылорда қаласы қарқынды құрылыс алаңына айналды. Түрлі санаттағы әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Жаңа шағын аудандар салынып, қала сәулетіне әр беруде.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Талай тарих толықнын бастан өткізген біздің өңір үшін бұл жаңа қадам. Биыл құрылғанына 85 жыл толып отырған облыс оң өзгерістерге толы. Соның бір дәлелі – Сыр елінің бас қаласындағы байыпты бастамалар. Қызылорда қаласында аба-тандыру және көркейту шараларына ерекше мән беріліп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылуда.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ ОСЫЛАЙ ЖАСАНАДЫ



тық бюджеттен тиісті қаражат қаралды. Игілікті іс жыл аяғына дейін толықтай жүзеге асырылады деп күтілуде, – деді ол.

Көпшілікке көзайым боларлық жобаны бұл салада мол тәжірибесі бар «Техностака-ремсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асырады.

Мұндай жазалыққа қала тұрғыны, зейнеткер Жақсыгүл Бодашова қуанышын білдіріп, баспасөз арқылы аналық ризашылығын білдірді.

– Қаламыз көркейіп келеді. Ал көрікті орта – кім-кімнің де мақтанышы. Халықтың қалауына орай осындай істерді атқарып жатқан азаматтарға алғыс айтамын, – деді бізбен әңгімесінде.

Заманауи кейіпте жаңғыртылатын алаң жаңға жайлы, көңілге қонымды болмақ. Мұнда, әсіресе көпшіліктің алаңсыз демалуына толыққанды жағдай жасалады. Брусчатқалар төселіп, жолжік тастар қойылады. Бұл балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етпек. Жарық диодты шамдар мен газондар, көпжылдық жасыл көшеттер көз таяттайтын көрікті орынға айналады. Жаңа үлгідегі орындықтар, жарық бағаналары мен балалар ойын алаңы шаһар келбетіне шырай бермек.

АПЫР-АЙ, Ө!

Айта беретін қымбатшылық соңғы күндері ұялы байланыс қызметінің де тізгінін түртпектеп тұр. Онсыз да жыл басынан бері айтарлықтай өскен тариф бағасына амалсыз қосымша ақша төлеуге мәжбүр болған халық тағы бір қымбатшылықпен бетпе-бет келмек.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫСТАН ДА «ҰЯТ» КЕТТІ

Қараңызшы, қазір еңбектеген баладан бастап, қарияға дейін телефон ұстайды, яғни, ұялы байланыс операторларының тұтынушылары ай емес, күн санап артуда. Оның дәлелі – ұялы байланыс абоненттерінің саны халықтан 10 миллионға артық. Демек, бір адамда 2-3 телефон не сим-картадан бар. Сұраныс өршіп тұрғанда бұл саланы иемденіп отырған операторлар ойына келгенін істейтін тәрізді дегенді де айтуда жұрт.

Қалай десек те, тамыз айының бірінен бастап ұялы операторлар тарифтерін жап-

пай көтермек. Олар сол арқылы өз клиенттерінен 4 миллиард теңге өндіруі мүмкін. Бірінші болып тарифтердің өзгерісі туралы Beeline өзінің ресми сайтында мәлімдеме жасады.

ТАМЫЗДАН БАСТАП ТАРИФ ҚЫМБАТТАЙДЫ

«2023 жылдың 15 тамызында тарифтерде видео, әлеуметтік желі және мессенджерлері бар науқан аяқталады, сондай-ақ, құндылықты пакет құны өзгереді.

2-бет



Ашық деректерден алынды

ҚАБЫЛДАУ

ҰСЫНЫС ЗЕРТТЕЛЕДІ ӘРІ НӘТИЖЕСІ АЙҚЫНДАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдап, оларды толғандырған мәселелерді, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Бұл жолы жеке қабылдауға 12 адам келді.

Қабылдауға келген тұрғындар тұрғын үй алу, тұрғын үйін заңдастыру, денсаулық сақтау саласы бойынша мәселелерін көтерді.

Облыс әкімі азаматтардың мәселелері жіті зерттелетінін, шешімі заң талаптарына сәйкес қарастырылатынын жеткізді. Кейбір сұрақтар бойынша жауапты тұлғалар заң аясында түсіндірме беріп, шешу жолдарын ұсынды.

Қала тұрғыны «Шұғыла» шағын ауданы №40 үйдің шатыры апатты жағдайда екенін айтты. Аймақ басшысы қала әкіміне жағдаймен танысып, тұрғындармен кездесіп, шұғыл шара қабылдауды тапсырды.

Қабылдауға келген тағы бір тұрғын қаладағы Теректі көшесі сапасыз асфальтталғанын айтты. Облыс әкімі жауапты басшыларға 10 күн ішінде көшедегі жөндеу жұмыстарын талапқа сай етуді жүктеді.

Сол жағалаудағы №38 үйдің сапасыз салынғанына шағым айтқан қала тұрғынының да мәселесі жерде қалмайды. Қыркүйектің 1-іне дейін құрылыстағы кемшіліктер дұрысталуы керек.

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес аталған нысандарға түсірілім тобы барып, қазіргі жағдайы туралы мәліметтер жинақтайды және тапсырылған мерзімде жұмыс нәтижесі туралы қосымша ақпараттандырылатын болады.

Айта кетейік, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына eGov.kz порталы, e-otinish бірінші базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

БРИФИНГ

ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНДІ

Биыл кәсіподақтар бастамасымен еңбек заңнамасында еңбек дауларын шешу тәртіптері бойынша бірқатар өзгерістер орын алды. Оның ішінде инфляция деңгейінен кем емес мөлшерде жұмыскерлердің жалақысын төлеу жүйесін жетілдіру, күнкөріс деңгейінің шамасын және тұтыну себетінің құрылымын қайта қарау да бар. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Қызылорда облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Мақсұт Нәлібаев айтты.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Бұл өз кезегінде еңбек дауларының алдын алуға септігін тигізеді деп сенеміз. Өйткені кейінгі екі жылда өңірдегі мекемелер мен кәсіпорындарда 14 ұжымдық еңбек даулары орын алды. Көтерілген мәселелердің басым бөлігі – еңбекақы мөлшерін ұлғайту, еңбек заңнамаларының сақталуы, ұжымдық шарттың орындалуына қатысты. Әрине, оның бәрі өз шешімін тапты. Дегенмен, алда мәселе болмас үшін өзгерістер қажеттігі туындады. Жалпы, салада өзге де оң өзгерістер жетерлік. Қазір кәсіподақ ұйымдары еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік жағдайдың нығаюы бойынша қоғамдық ұйымдармен өзара жұмыс жүргізуде. Бұдан бөлек, бытыр аймақ басшысының қолдауымен облыстағы 52 ірі және орта кәсіпорынмен арнайы меморандум жасалды. Қазіргі таңда осы меморандум бойынша келісілген міндеттемелер мен жауапкершіліктер аясында еңбек ұжымдарында мониторинг жүргізілуде, – деді ол.

Айтпақшы, жаңадан қабылданған әлеуметтік кодекске байланысты еңбек заңнамасында толықтырулар да енгізілді. Бұл заң әлеуметтік және еңбек салаларындағы қатынастарды реттеуге бағытталып отыр. Негізгі өзгерістер мен толықтыруларға бірлесіп жұмысқа орналастыру ұғымын енгізу, жылжымалы жұмыс кестесі бойынша еңбек жағдайларын анықтау, төрт күндік жұмыс аптасын қолдану мүмкіндігін енгізу, Еңбек кодексінің өзінде еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақыларды тағайындау және төлеу мөлшері мен тәртібін бекіту шаралары жатады. Осы енгізілген жаңа құжат әрбір жұмыскердің еңбек құқығын қорғауына және жұмыс беруші арасындағы өзара келісімді нақтылауға ықпал етпек, – деді «Қызылорда облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің бас маманы Майра Боранбаева.

Жаңа өзгерістер мен толықтырулардың артықшылығы алдағы жылдары сарапталатын болады. Егер бұдан қандай да бір кемшілік тұстар байқалса, қайта өзгеріс енгізілуі мүмкін.

Орайы келгенде айта кетейік, облыстық аумақтық кәсіподақтар бірлестігінде 12 салалық кәсіподақ қамтылып, онда 1020 үйім мен 95 мыңнан астам мүше біріктірілген.

БІРЛІКТІҢ ТУЫ БИІК



Суреттерді түсірген Н.Нұржаубай

Сессия барысында облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі, облыстық мәслихат төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты Наурызбай Байқадамов қазіргі қоғам үлкен трансформация үстінде өмір сүріп жатқанын, елдің тыныштығы мен бірлігіне қатысты да қоғамдық пікірді елекке салып өтті.



«Қазіргі әлемдік жанжалдардың басым бөлігі өркеніеттер арасындағы қақтығыс ретінде қалыптасып келеді. Қазак қоғамының да сыртқы қысымдарға ұшырауы, ішкі өзара әзіл де болса айтатын қала мен дала, шала мен таза қазақ, ескі қазақ, жаңа қазақ, орыс пен украинді қолдайтын, қолдамайтын қазақ, ассамблеяны жақтайтын, жақтамайтын сияқты бөлініс белгілері біз үшін қаншалықты қажет? Бұның барлығы ішкі іріктілерге себеп болуы ықтимал. Ал қазақтардың болашағы ұлттық бірліктің дұрыс шешілуіне тікелей байланысты екеніне ешкімнің дауы жоқ деп ойлаймыз. Әрқайсысымыз ұлттық мүдде дегенде даңғаз жасамай, сабырлы да ұстамды, табанды үлес қоса беругіміз тиіс. Сондықтан да ассамблея еліміздегі этностарды бір өркеніетке тоғыстыру үшін құрылғандықтан, оның орнын жоққа шығаруға болмайды. Ассамблея басқа этностар үшін емес, алдымен қазақ ұлты үшін қажет, – деді.

Басқосуда баяндамашылар келелі ой айтып, мұнан өзге де қоғамдағы мәселелерді қозғайды. Облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары, философия ғылымдарының докторы, профессор Баймырза Қожамбердиев ел бірлігінің маңызына тоқталып, татулық пен келісім, бірегейлік жай ұрандаған сөздер емес, әр адамның ұстанымына айналу керектігін айтты. Ал облыстық ҚХА жанындағы аналар кеңесінің мүшесі, онкология орталығының дәрігері Юн Виктория кейінгі уақытта жасөспірімдер мен мектеп оқушыларының арасында синтетикалық есірткіге тәуелділіктің артқанын және мүлділіктің заттардың дәріханаларда нұсқаулықсыз оңды-солды сатылып жатқанына назар аударды.

Күн тәртібінде облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының қоғамдық негіздегі орынбасары қызметіне облыстық татар этномәдени бірлестігінің төрағасы, ұзақ жылдар білім саласының дамуына үлес қосқан білікті ұстаз, ардагер Галия Гизатуллина тағайындалды. Бүгінге дейін осы қызметті атқарған өзбек этномәдени бірлестігінің

жетекшісі Кахар Дадашевке алғыс білдірді.

Облыс әкімі, облыстық ҚХА төрағасы Нұрлыбек Нәлібаев сессияны түйіндеп келе, осы салаға жауапты тұлғаларға тапсырмалар беріп, бірқатар міндеттерді жүктеді. Алдағы уақытта облыстық жетекшісі Кахар Дадашевке алғыс білдірді.

Облыс әкімі, облыстық ҚХА төрағасы Нұрлыбек Нәлібаев сессияны түйіндеп келе, осы салаға жауапты тұлғаларға тапсырмалар беріп, бірқатар міндеттерді жүктеді. Алдағы уақытта облыстық жетекшісі Кахар Дадашевке алғыс білдірді.

Облыс әкімі, облыстық ҚХА төрағасы Нұрлыбек Нәлібаев сессияны түйіндеп келе, осы салаға жауапты тұлғаларға тапсырмалар беріп, бірқатар міндеттерді жүктеді. Алдағы уақытта облыстық жетекшісі Кахар Дадашевке алғыс білдірді.

Облыс әкімі, облыстық ҚХА төрағасы Нұрлыбек Нәлібаев сессияны түйіндеп келе, осы салаға жауапты тұлғаларға тапсырмалар беріп, бірқатар міндеттерді жүктеді. Алдағы уақытта облыстық жетекшісі Кахар Дадашевке алғыс білдірді.

Облыс әкімі, облыстық ҚХА төрағасы Нұрлыбек Нәлібаев сессияны түйіндеп келе, осы салаға жауапты тұлғаларға тапсырмалар беріп, бірқатар міндеттерді жүктеді. Алдағы уақытта облыстық жетекшісі Кахар Дадашевке алғыс білдірді.



Облыс әкімі, облыстық ҚХА төрағасы Нұрлыбек Нәлібаев сессияны түйіндеп келе, осы салаға жауапты тұлғаларға тапсырмалар беріп, бірқатар міндеттерді жүктеді. Алдағы уақытта облыстық жетекшісі Кахар Дадашевке алғыс білдірді.

Облыс әкімі, облыстық ҚХА төрағасы Нұрлыбек Нәлібаев сессияны түйіндеп келе, осы салаға жауапты тұлғаларға тапсырмалар беріп, бірқатар міндеттерді жүктеді. Алдағы уақытта облыстық жетекшісі Кахар Дадашевке алғыс білдірді.

Облыс әкімі, облыстық ҚХА төрағасы Нұрлыбек Нәлібаев сессияны түйіндеп келе, осы салаға жауапты тұлғаларға тапсырмалар беріп, бірқатар міндеттерді жүктеді. Алдағы уақытта облыстық жетекшісі Кахар Дадашевке алғыс білдірді.



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҚЫЗЫЛОРДА А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы қалалық кезеңінің жеңімпаздарын марапаттауға арналған салтанатты шара өтті.

Байқауға қатысқан 21 отбасының ішінен 7 отбасы түрлі номинация және жүлделі орындармен марапатталды. Сондай-ақ, «Еңбеккер отбасы» аталымын Иманғалиевтер, «Ұстаздар отбасы» аталымын Баймановтар, «Өнерлі отбасы» аталымын Бектурғановтар, «Өнегелі отбасы» аталымын Ескановтар иеленді. Ал байқаудың ІІІ дәрежелі дипломымен «Қызылорда» ауылынан Сапаржановтар, ІІ дәрежелі дипломмен Қызылорда қаласынан Сұлтан отбасы марапатталса, І орынға Қызылорда қаласынан Байұловтар отбасы лайық деп танылды.

АУЫЛДА ЕМХАНА САЛЫНУДА

Аудан әкімі Серік Сермағамбетов Райым ауылдық округі «Қызылжар» елді мекенінде және «Бөген» ауылдық округінде жаңадан салынып жатқан дәрігерлік амбулаторияның құрылысымен танысты.

Тұрғындар ұзақ жылдан бері көтеріп келе жатқан өзекті мәселе биыл шешімін тапты. Жалпы сомасы 400 млн теңгеге жуықтайтын жоба осы жылдың қазан айында аяқталмақ. Нысан іске қосылғанда аптекалық бекет, қабылдау және оқшаулау бөлмесі, лаборатория, физиотерапиялық емдеу мен күндізгі емдеу кабинеттері жұмыс істейді. Амбулатория бір мезгілде 20 адамды қабылдап, 14 тұрғынға стационарлық ем қабылдауға лайықталған. Ал «Бөген» ауылдық округінде іргесі қаланған дәрігерлік амбулатория 2 мыңға жуық тұрғыны бар ауылға қызмет көрсетеді.

ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Аудан орталығынан 14 шақырымдағы Абай ауылында дәрігерлік амбулаторияның іргетасы қаланды.

Бұл рәсімге аудан әкімі Мұхтар Оразбаев және ауданның зиялы қауымы қатысты. Аудан басшысы халық игілігі үшін салынатын денсаулық нысанының сапалы әрі уақытылы аяқталуы назарда болатынын айтты.

Жалпы сомасы 400 млн теңгеге жуық қаржыны құрайтын жобаны «Аман-Құрылыс» ЖШС жүзеге асырады. Ауданда биыл 3 ауылда дәрігерлік амбулатория құрылысы басталды.

ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Ауданның құрылғанына 95 жыл толуына орай «Жаңақол» ауылдық округінде «Өн-жырмы саған, туған ел!» атты өнер фестивалі өтті.

Өнер мерекесіне аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Жұлдызхан Байназарұлы қатысып, ауыл тұрғындарын мерейлі мерекемен құттықтап, ізгі лебізін жеткізді. Салтанатты іс-шарада жергілікті өнер майталмандары әуезді өн-жырларымен, мың бұралған көркем билерімен жиналған көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

АУЫЛ ЖАСТАРЫНА АРНАЛҒАН АЙМАҚТЫҚ САЙЫС

Ауданда жастар саясатының жүзеге асырылуы қарқынды.

Ауыл жастары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, достық қарым-қатынас орнату мақсатында Мырзабай ахун, «Еңбек», «Таң» ауылдық округтерінде 3 спорт түрінде аймақтық сайыс өтіп, жеңімпаз командалар марапатталды.

Жалпы 2023 жылдың маусым айына дейін жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен 80 шара өткізіліп, оған 3500-ге жуық жас қатыстырылған.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ ӨЗГЕРІС

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев әлеуметтік сала қызметкерлерімен кездесіп, жаңадан қабылданған «Әлеуметтік кодекстің» ерекшеліктері туралы талқыға салды.

Айта кетейік, елімізде жаңадан «Әлеуметтік кодекс» қабылданып, 2023 жылдың І шілдесінен бастап күшіне енді. Осы кодекс арқылы 16 заң және 100-ден астам заңға тәуелді акт жүйелендірілді. Кодекспен сәйкес 2023 жылдың І шілдесінен бастап жұмыспен қамту орталықтары таратылып, орнына «Мансап» орталықтары ашылды. Әлеуметтік сала қызметкерлерімен кездесуде жаңадан құрылған орталықтың қызметі түсіндірілді.

«ҚАН ТАПСЫРУ» АКЦИЯСЫ

«Қан тапсыру» акциясына аудан әкімі Нұржан Ахатов, аудандық мәслихат төрағасы Айтай Жандарбеков және ауыл әкімдері, мекеме басшылары мен қызметкерлері, бас-аяғы 80-нен астам ерікті қатысты.

Алдыңмен ерікті түрде қан тапсырушы азаматтардың денсаулық жағдайы жан-жақты тексерілді. Ақцияға қатысып, көмекке мұқтаж бір азаматтың болсын өмірін арашалап қалуға қолдау танытқан еріктілерге аудан әкімі алғыс айтты.

«ТҮЛҒА БОЛ!» ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЖАСТАР ЖӘРМӨҢЕСІ

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің бастамасымен жастарды қолдауға бағытталған «Тұлға бол!» жобасы әр өңірде іске асырылуда. Аталған іс-шара аудан орталығында өткізіліп, одан әрі ауылдарда жалғасты.

Айталық, «Сүттіқұдық» ауылдық округінде өткізілген жәрмөңкеге кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі, қаржы және экономика бөлімі, аудандық «Мансап» орталығы, аудандық аурухана, жастар денсаулық орталығының мамандары қатысып, жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес берді. Кездесуде жастар өз ұсыныс-пікірлерін жеткізіп, сұрақтарына жауап алды.

Дайындаған Газиза ӘБІЛДА «Сыр бойы»

ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫСТАН ДА «ҰЯТ» КЕТТІ

Осы күннен бастап «Жарқын 4990» және «Жарқын 5990» тарифтерінде YouTube, Instagram, Facebook, TikTok, WhatsApp және басқа танымал желілер мен мессенджерлерге шексіз кіру мүмкіндігі алып тасталды. «Жарқын 3990» тарифінде осы ресурстарға беріліп келген 25 ГБ пакеті де тоқтатылады. Гигабайттар тариф жоспары бойынша негізгі пакеттен шығындалады. Сондай-ақ, күнделікті пакетке абоненттік төлем де өзгереді. Енді ол тәулігіне 290 теңге тұрады» делінген хабарда.

Бұл ретте, өзгеріс Астананы ғана емес, еліміздің барлық аумағын қамтитын сияқты. Мұнан соң «Activ» пайдаланушылары «суыт» хабар алды. Онда 8 тамыздан бастап тарифтің кезекті рет қымбаттайтыны айтылған.

«Күрметті клиент, 2023 жылғы 1 тамыздан бастап, Сіздің тарифіңіз бойынша абоненттік төлем өзгереді және 30 күнге 2790 теңгені құрайды. Тариф «Реактив 2790 архивный» деп аталатын болады. Сізге Яндекс Плюс тегін қолжетімді болады және Kaznet лимитсіз болады» делінген оператордың ескертпесінде. Қазіргі кезде бұл тариф 2590 теңгені құрайды.

Біздің мысалға алғанымыз – ең арзаны. Кесіл-дің тарифтері де «ұшып» тұр. Мәселен, «ТОП М» тарифіне қосылсаңыз, алғашқы екі айда 30 күнге 2770 теңгенен болады, әрі қарай 30 күндік тарифі 3690 теңгеге дейін өсіп шыға келеді.

Осыған ұқсас үндеу Tele2 ұялы байланыс операторы ресми сайтында да жария-

ланды. Олар тарифтік жоспарлар бойынша бағаны көтеруге бірнеше фактор әсер етіп отырғанын алға тартты.

«Күрметті абоненттер! Бірқатар факторға, соның ішінде экономикалық жағдайға байланысты біз тарифтік жоспарлардың бағасына кішігірім өзгеріс енгізу туралы шешім қабылдауға мәжбүрміз. Бұл өзгерістер инфрақұрылымға негізделген шығындардың өсуімен, жана технологиялардың іске қосылуымен және дамуымен, әлемдік логистикалық тізбектердің құлдырауы, инфляция, электр энергиясының қымбаттауы, жаңа технологияны енгізу үшін жоғары жиілік құны және компаниямыз үшін сын-қатерлер тудырған басқа да жағдайларға байланысты. Сондықтан біз қызметтердің тұрақтылығын қамтамасыз ету және сізге одан да озық технологиялар мен қызметтерді ұсыну үшін тарифтеріміздің бағасын қайта қарауды шештік» делінген хабарламада.

Сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ-да 1 тамыздан бастап мұрағаттық тарифтер желісінің кейбір тарифтік жоспарлары бойынша баға көтерілетінін атап өткен.

ШЫҒЫНДЫ ТҰТЫНУШЫЛАРДАН ӨНДІРМЕК ПЕ?

Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі жағдай осындай. Ал салада үстемдік құрған алпауыттарға ешкім тосқауыл қоя алмай отыр. Бір жайтты айта кетейік, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш

өнеркәсібі министрлігі бытыр және биыл байланыс қызметтерінің сапасы бойынша ұялы операторларға 1492 тексеру жүргізген. Нәтижесінде 3 миллиард 44 миллион теңге көлемінде айыппұл салыпты. Алайда операторлар бұл мәселені қайтарымын күтіп отырған сияқты. Енді операторлар оның бәрін тариф көтеру арқылы тұтынушылардан өндіріп алуы мүмкін.

Ең қиыны, тарифтік қызметі бағасына сай болмай тұр. Бұған қоса, операторлар еш қымсынбай, тұтынушылар арасында сұранысқа ие емес, талап етілмеген қызметтерді мәжбүрлі қосады. Тіпті таңдау да бермейді. Тек ескерткендей болады. Тағы бір айта кететін жайт, тарифтің көтерілуі қызмет сапасының артуына ұлпайды. Керісінше, байланыс және интернет қызметтерінің сапасы төмен. Алысқа ұзамай-ақ Қызылорданың өзін алайықшы, қала орталығының өзінде интернет жылдамдығы әлсіз, шет аймақтардағы жағдай тіпті қиын. Әрі-беріден соң үйге сыммен қосылған Wi-Fi да қажет нәрсенді әрең көрсетеді. Ауыл-аймақтағы интернет жайлы сөз қозғамай-ақ қоялық. Бұл тұста «Жылдам интернет» жайлы операторлар әңгімесі мен жарнамасын халық та, сарапшылар да жоққа шығарып анық.

Жақында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев осы мәселе төңірегінде ой қозғап, тиісті салаға пәрмен берген болатын. «Тағы бір мәселе – интернет жылдамдығының төмендігі. Байланыс оператор-

лары тарапынан тарифтік жоспарлар үнемі жаңартылып отырады. Ал интернет жылдамдығы мен сапасы ресми мәлімдемеден нашар. Үкіметке осы салада тұтынушылардың құқықтарын қорғау және нақтылы параметрлердің мәлімделгендерден айтарлықтай алшақтығы үшін жауапкершілікті енгізу мәселесін псықытауды тапсырамын» деді Президент.

Бір қызығы, еліміздегі ұялы байланыс операторларының интернет қызметі жылдамдығының тым әлсіздігі, ғаламторға емін-еркін кіру мүмкіндігі жоқтығына қарамастан, операторлардың табыстарының артқаны байқалады. Оның үстіне, жыл сайын жаңа ұялы байланыс пайдаланушыларының саны көбейіп келеді. Айталық, 2022 жылдың соңында елімізде шамамен 25,1 миллион абонент тіркелген.

Жуырда нарықта қордаланған проблемаларды жою үшін әрі аталған салада баға белгілеудің ашықтығы жоқтығын ескеріп, Баскелестікті қорғау және дамыту агенттігі жаңа бастама көтерді. Олар ұялы байланыс қызметтеріне бағаларды мемлекеттік реттеуді енгізуді ұсынды. Бірақ бұл ұсыныс күшіне енуі үшін Үкімет пен Парламент мақұлдауы керек. Алайда бұл ұсыныс шешім табу-таппауы әзірге белгісіз.

Айтпақшы, алдағы жылдары 5G мүмкіндігі қосылады деген дерек бар. 4G-ді қатыра алмай отырып, оған қалай көшетімізді қайдам? Құн санап қымбаттаған бағаның түрі болса мынау.

САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ

ЖЕТИ АЙДА ЖЕТИ БАЛА



Жаз басталысымен балалардың көпқабатты үйден құлау оқиғасы жиілей түседі. Екінші, үшінші және одан да жоғары қабаттан құлағандар көбіне терезедегі торды ұстап, оқыс жағдайға ұшырап жатыр. Тұрғындар терезеге тапсырыс беру кезінде москит торды балалардың бойы жетпейтін жеріне орнатса немесе басқа да қалқандар арқылы сақтық шараларын қатаң қадағаласа, терезеден қатер төнбеуші еді. Жазда асыр салып ойнағанның орнына бүлдіршіндер денсаулығына зақым келіп ауруханада жатыр.

СБ Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Жаз басталса дәрігерлердің кішкентай пациенттерден қолы босайды. Ал жел қақтыру үшін ашқан терезеден ауып құлаған сәбилердің статистикасы мүлдем қорқынышты. Олардың бірлі-жарымы жарақаттан жеңіл құтыла, бірі мерт болады. Көп жағдайда медицина әлісіз, бала мүгедек болып қалуы мүмкін.

Жоғары қабаттан балалардың абайсыз-ақ құлау оқиғалары бойынша тіркелген мәліметтерге сүйенсек, олардың жасы әлі беске де толмаған. Еңбекке жарамды азаматтар арасында мұндай жағдайларға көбінесе құрылыс мамандары ұшырайды. Әсіресе, егде жастағы азаматтар үшін құлаудың салдары өте ауыр болады. Ата-аналарға көпқабатты үйлерде балаларды терезеге жақындатпай, мұқият болуларын ескертеміз, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті бөлім бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау капитаны Жанболат Бақбергенов.

Статистикаға сүйенсек, қайғылы жағдайлардың көбісі ата-ананың қараусыз қалғанда немесе салғырттықтан болады. Ойын баласының кез келген нәрсеге әуестеніп, қолды-аяққа тұрмай, мазасыз болатыны айтпаса да түсінікті. Сондықтан сәбиіңіздің өміріне қауіп төнбес үшін, оның әр қадамына абай болғаныңыз абзал. Мәселен, жақында ғана орын алған оқиғадан көпшілік үркіп қалды. Қызылорда қаласында жеті жасар ер бала бесінші қабаттан құлап кетті. Оқиға 12 шілде күні сағат 12:45 шамасында Жаппасбай батыр көшесіндегі көпқабатты үйдің бірінде болған.

Бес қабатты тұрғын үйдің бесінші қабатынан 2016 жылғы ер бала құлап кеткен. Ол алған дене жарақатымен ауруханаға жеткізілді. Жағдайы орташа ауыр деп бағаланып отыр. Тұрғындардан қауіпсіздік шараларын сақтауды сұраймыз, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің жетекшісі Айгүл Нұрманова. Ведомство мәліметінше, жыл басынан бері жеті бала көпқабатты үйдің терезесінен құлап кеткен. Оның арасында біреуі алған дене жарақатынан көз жұмды.

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де (сайттан) оқыңыз

www.syrboyi.kz

ЖАРНАМА БӨЛІМІ

70-00-52

E-mail: smjarnama@mail.ru

ТОЛҒАҚТЫ ТАҚЫРЫП

Күн сайын жер бетінде қаншама ана құрсағындағы адамдарды өлтіріп жатырмыз. Дәл осы күннен су жұқтырмай шығу үшін іште жатқан адамға «эмбрион», «органогенез» деген атаулар бергенбіз. Егер біз олардың адам екенін ескерсек, жасанды түсік жасағандарды қылмыскер есебінде сотқа тартар едік. Қазіргі қоғам қылмысқа көпе-көрінеу жол беріп отыр. Бұл қадамға түсік тастататын «мифепристон», «мизопроустол» деп аталатын дәрілерді құртудан бастап кірісу керек.

2010 жылы Мәжіліс депутаты Ирак Елекеев «жасанды түсік жасауға заң жүзінде тыйым салу керек» деп бастама көтерген болатын. «Бидің айтқанын құл да айтады, аузының дуасы жоқ» деуші еді, сол сөзді бидің өзі айтып тұрса да, дуасы болмады. Бұл заман бабалардың дана сөзін де далаға тастады. Адам тастап кетіп жатқандарға сөз тастап кету тұқ емес. Біз атаның мақалын белден бассақ, баламыз сақалын жұла ма деп қорқамын.

«Бір адамды өлтіру бүкіл адамзатты өлтірумен тең» дейтін исламның пәтуасы неткен күшті! Христиан дінінде де жасанды түсік жасауды Құдай ісіне қарсылық дейді. Он тоғызыншы ғасырда жасанды түсік жасатқандарға қатал жаза қолданылған. Ал жиырмасыншы ғасырда бұл тыйымдар жұмсартылып, біртіндеп өзгере бастаған. 1973 жылдан бастап АҚШ-та жүктіліктің алғашқы үш ай мерзіміндегі жасалатын жасанды түсік заңдастырылған.

Біздің айттып жатқанымыз қаталдау көріне ме? Өйткені, түсік жасаудың түрлі себебі бар ғой. Инцест, алданып қалу, денсаулығы көтермеу сияқты...

Енді мынаған назар аударатырыңыз. Америкалық дәрігер Бернард Натансон он екі апталық балаға жасалған түсікті ультра дыбысты зерттеу қондырғысы арқылы кинофильм етіп түсіріп, оны «Үнсіз шырқырау» деп атаған. Бұл фильмді көрудің өзі ауыр. Түсік жасалып жатқанда құрсақты қол басындай өмір иесі пышақтан қашып, жанталаса әрекет танытады. Жүрек соғысы екі есе күшейді, алайда сорғыш-пышақ бала денесін қысып алып, пәршелей бастайды. Сол кезде оның аузы қатты шыңғырған адамдай кейіпте ашылып қалған.

Каннибал! Жөйтшілдік бұл! Осының бәріне кім кінәлі? «Осының бәріне» деп жұмсақ айтуға көштіміз. Өйтпесе, бұл «күннандан туғандарға» деуім керек еді. Өйткені, әлгі бір себептері көп қой деген сөзді де өзім айттым.

Иә, ерте жүктілік пен түсік жасату белең алып бара жатыр. Жаңсақтығымын жанын сауғалап қалу үшін «адам өлтіретін» бойжеткендер арамдыла жер басып жүр. Біз болсақ, «жастыққа кім жаза басыпайды» деп жұбатамыз. Енді не дейміз? Қу нәпсісін жеңе алмайтын жігіт, арзан ләззатқа алданып қыз, қайсынды қалай ақтаймыз?



– Уа, әулием, қайдан келесің? – депті.
– Тозақтан келе жатырмын, патшам, – дейді ол.
– Тозағы несі, ол жақтан не іздедің, данышпаным? – депті Харон тіксініп.
– От керек болып, от алып келің деп едім.
– От алып келдің бе, енді?
– Жоқ, әкеле алмадым, тақсыр. Тозақта от жоқ екен, отты фәни дүниеден әркім өзі алып барады екен. Осыны айтып, тозақтың сақшылары қолымды бос қайтарды...
Ал бұған не дейсіз? Құранның, хадистің сөзін ақтармай-ақ қояйық. Әлгі бір іште жатқан егіз баланың диалогы да жетеді, «біз бұл жақта сол жарық дүниеге жарқын жүзбен бару үшін дайындалып жатырмыз», – деп жауап береді сенетін бала.
«Ал болса ол қандай жарық дүние?»
«Дәл қандай екенін білмеймін, бірақ шат өмір бар».
«Қой, ол жақтан қайтып келген ешкім жоқ, өмір құрсақпен аяқталады».
«Мен ол жақта мамамызбен кездесетінімізді, оның бізді сүйетінін де сеземін».
«Мама дейсің бе? Қайда ол? Мама деген жоқ».
«Бар, кейде мен оның бізді жақсы көріп салған әнін де естимін».
Осы мысал сөзден көптің ойына ең бірінші Құдайға сенбейтін, о дүниелік өмір бар деп есептемейтін адам түсе кетеді.
Әділ патша Харон Рашид заманында Дана есімді бір әулие өмір сүріпті.
Бір күні әулиенің алыстан арып-ашып келгенін көрген Харон:
– Уа, әулием, қайдан келесің? – депті.
– Тозақтан келе жатырмын, патшам, – дейді ол.
– Тозағы несі, ол жақтан не іздедің, данышпаным? – депті Харон тіксініп.
– От керек болып, от алып келің деп едім.
– От алып келдің бе, енді?
– Жоқ, әкеле алмадым, тақсыр. Тозақта от жоқ екен, отты фәни дүниеден әркім өзі алып барады екен. Осыны айтып, тозақтың сақшылары қолымды бос қайтарды...
Ал бұған не дейсіз? Құранның, хадистің сөзін ақтармай-ақ қояйық. Әлгі бір іште жатқан егіз баланың диалогы да жетеді, «біз бұл жақта сол жарық дүниеге жарқын жүзбен бару үшін дайындалып жатырмыз», бәлкім, өзімізді жағатын отымызды жинап жүрміз.
Енді бір сәт статистика дейтін қырағы көз, саққұлақтың сандарын сөйлетеік. Былтыр елімізде 7 мыңға жуық қыз баланың аяғы ауырлап, оның мыңнан астамы түсік жасатқан. Нақтырақ айтсақ, 15-19 жас аралығындағы 6724 қыз жүкті болған, оның 5639-ы босанып, 1086 бойжеткеннің жүктілігі абортпен аяқталған.
«Қарғайын десем – жалғызым, қарғаймын десем – жалмауызым» деп осыныша ата-ана жерге қарап қалды. Осыныша өмір несі өздері сенген дүниежарықты көрмей кетті. Жүктілік

Дүние дүрмек

Аптап ыстықтың әлегі

Әлемде бірнеше ел қатты ыстықтан зардап шегіп отыр. Еуропаның оңтүстігі, АҚШ пен Қытайда температура 50 градустан жоғары көтерілген. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі BBC арнасына сілтеме жасап хабарлайды.

Америка Құрама Штаттарының оңтүстік-батысында да аптап ыстық байқалуда. Метеорологтар алдағы уақытта



38 қалада температура рекорды жаңаруы мүмкін екенін ескертті.

Бұған дейін Калифорнияда температура 53,9°С жетсе, мұндай ыстық бұл қалада соңғы рет 1911 жылы тіркелген көрінеді. Ол кездегі көрсеткіш 56,7° болған.

Сондай-ақ, өткен жексенбі күні Қытайда ел тарихындағы ең ыстық температура тіркелді. Шыңжаң провинциясында ауа температурасы 52,2°С-қа дейін көтерілген.

Ал Оңтүстік Кореяда ауа райының қолайсыздығынан нәсер жауып, көшкір мен су тасқыны орын алса, Жапонияда кем дегенде 60 адам аптап ыстықтан зардап шеккен көрінеді.

Беймәлім ауру денге безгегі болуы мүмкін

16 шілдеде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған Египеттің Денсаулық сақтау және ел тұрғындары министрлігінің ақпараты бойынша елде белгілері денге безгегіне ұқсас белгісіз аурудың жағдайлары тіркелген. Бұл туралы ҚазАқпарат ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап, хабарлайды дейді 24.kz.

Баспасөз қызметінің мәліметінше, денге безгегі адамға инфекция жұқтырған масалардың шағуы арқылы берілетін

вирустық инфекция. Ауру адамнан адамға ауа тамшылары арқылы берілмейді. Ауру тропиктік және субтропиктік елдерде таралады. ДДҰ мәліметтері бойынша Африка, Америка, Шығыс, Жерорта теңізі, Оңтүстік-Шығыс, Азия және Батыс Тынық мұхитының 100-ден астам елі эндемикалық болып келеді.

Қазақстанда жыл сайын аурудың жеке-жеке жағдайлары тіркеледі. Биыл денге безгегі бойынша қолайсыз елдерден (Талиланд) келген адамдар арасында оның 2 жағдайы анықталған.

Осыған дейін Мысырда бір ауылдың жүздеген тұрғыны беймәлім дертті жұқтырғаны туралы хабарланған еді.

Кептелісте тік көтерілетін көлік

Ірі қалалардағы кептелістерде мүдірмейтін электромобиль пайда болды. Ол дер кезінде әуеге тігінен көтеріліп кез келген кедергіден ұшып шыға алады.

Екі адамға арналған Alef Aeronautics компаниясының ұшатын көлігіне Федералдық авиация әкімшілігінен (FAA) арнайы ұшуға жарамдылық сертификаты берілген. Бұл туралы New York Post басшылығының хабарламасына Aikyn.kz сілтеме жасап отыр.

Толығымен электрлі көлік қоғамдық жолдарда 300 шақырымға дейін жүре алады және көдімігі тұраққа сыяды. Ол ауаға тігінен көтеріліп, 170 шақырымға дейінгі қашықтыққа ұша алады.

Электромобиль құны шамамен \$300 000 тұратын көрінеді.

«СБ» ақпарат

1 алтын, 2 қола

Түркістан қаласында 13-17 шілде аралығында таэквондодан өткен Қазақстан кубогі мересіне жетті.

Осы жарыста қызылордалық спортшылар 1 алтын, 2 қола медаль алды. Атап айтқанда, Ботакөз Қапанова (49 келі) чемпион атанса, Шамшат Ақберген (53 келі) мен Жәния Әмірхан (57 келі) қола жүлдегер атанды.

Спортшыларды жарысқа Н.Курноскин мен Р.Сандықбаев дайындады.

Арайлым – Әлем чемпионы

Қызылордалық Арайлым Оразбай белбеу күресінен ересектер арасында Әлем чемпионы атанды.

14-17 шілде аралығында Астана қаласында өткен дүбірлі долада 76 келден жоғары салмақта сыңға түскен ол қарсыласының барлығын қапы қалдырып, жеңіс тұғырына көтерілді.

Ал Жандос Әбубәкіров (57 келі) екінші, Назерке Әбілтаева (52 келі) мен Айбергел Алдаберген (90 келі) үшінші орын алды.

«СБ» ақпарат